



# Экономикалық циклдар, инфляция, жұмыссыздық

# Жоспар:

- Экономикалық цикл (цикл фазалары)
- Инфляция түсінігі (түрлері, себептері)
- Жұмыссыздық түсінігі, түрлері.

# Экономикалық цикл

- Экономикалық цикл- бұл дағдарыстар арасындағы мерзім және осы кезде оның төрт фазасы ауысады.



Өрлеу

Тірілу

Дағдарыс

Депрессия

# Дағдарыс

- құбылысының болуы сұраным төлем қаблеттілігімен салыстырғанда тауарды артық өндірумен түсіндіріледі. Дағдарыс кезінде өткерілмеген өнім саны тез ұлғайып, жұмысшылар босатылады, жұмыссыздық ұлғайып, несие-ақша байланыстары бұзылып, құлдырау толқыны ұлғайды және кәсіпорындар құлдырап, жойыла бастайды.

## ■ Депрессия

(“depressio” - латын сөзі, төмендеу, тереңдеу дегенді білдіреді). Бұл фазада өндірістің құлдырауы тоқталады. Жайлап болса да запастағы тауарлар өткеріледі және еркін ақша капиталы пайда болады.



# •Тірілу


бұған тән нәрсе өндірісті ұлғайту, демек пайда бар деген сөз. Ол кезегінде өндірістің дамуын ынталандырады.

# .Өрлеу

өнім өндірудің қарқындылығымен сипатталады және ол дағдарыс алдындағы деңгейден жоғары, жұмыссыздық тартылады, қарыз капиталы ұсынымы ұлғаяды және банк пайызының нормасы төмендейді.



# Циклдар фазасы



Өрлеу


Дағдарыс

Депрессия

Тірілу

Өрлеу

Дағдарыс



Дағдарыс кезеңі сыйпатында  
жаңа құбылыс-  
**инфляция** пайда болады.

# Экономикалық тұрғыдан инфляция дегеніміз не?

- **Инфляция** (латынның inflatio- қампиған деген сөз) – қағаз ақшаның құнсыздануымен пайда болатын әлеуметтік- экономикалық процестер жиынтығы. Инфляция жалпы баға деңгейінің көтерілуімен байқалады. Бұның өзі, барлық бағаның арнайы көтерілуін көрсетпейді. Олардың баға индексімен өлшенетін жалпы деңгейі өседі.

# Инфляция - кешенді себептерден туындайды:

- Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы және оларды жабу үшін қағаз ақшалар шығарылады;
- Мемлекеттің өндірістік емес шығындар деңгейінің жоғарылығы тұтыну игіліктерін шығаруды арттырмайтын және адам еңбегі шығынымен тікелей байланысты;
- Тауар тапшылығы, бағаның өсуі;
- Бірқатар өндірушілердің монополиялық жағдайда болуы және т.б.

# АШЫҚ

Еркін баға құрылымы экономикасына тән және тауар мен қызмет көрсетуге үнемі бағаның өсуін байқатады.

# Басылыңқы

Бағаны реттейтін экономикаға тән, яғни жалпылама мемлекеттің бағаны бақылауымен жүзеге асады.

# Баға өсу қарқыны тұрғысынан инфляция

**Баяу** (бағалар баяу, жылыны  
10%-дан аздау өседі)


**Қарқынды** (баға жылдам, (жылына  
20-дан 200%-ға дейін) өседі)

**Ұшқыр** (айналымдағы ақшаның  
саны мен баға астрономиялық  
жылдамдықпен (500-1000%) өседі)

# Баланыстану дәрежесі бойынша

Баланстанған инфляция (әртүрлі тауар мен қызмет көрсетудің бір-біріне қатынасында баға өзгермейді.

Баланстанбаған инфляция (тауар мен қызмет көрсетудің бағасы бір-бірімен салыстырғанда тұрақсыз және әртүрлі пропорцияда өзгереді.



**ИНФЛЯЦИЯҒА ҚАРСЫ САЯСАТ –  
ИНФЛЯЦИЯНЫ ТӨМЕНДЕТУГЕ  
БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК  
РЕТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ  
ЖИЫНТЫҒЫ.**



# ***Жұмыссыздық***

Жұмыс істегісі келетін  
еңбекке жарамды  
халықтың өндірісте  
жұмыспен қамтылмауы.

# Жұмыссыздықты әр мектеп өкілдері әртүрлі түсіндіреді:

<b>Мальтузиандық теория</b>	жұмыссыздықтың пайда болуын тұрғындардың тым артып кетуімен түсіндіреді.
<b>Кейнстік теория</b>	<b>Бұл құбылыс нарықтық сұраныстың жетіспегендігі.</b>
<b>Еркін кәсіпкерлік мектебінің теориясы</b>	Жұмыссыздық жалақы деңгейінен туындайтынын айтады, яғни ол еркін болып табылады.
<b>К.Маркстың қорлану теориясы мен қазіргі технологиялық теория</b>	Жұмыссыздықтың болуын біріншіден- капиталдың қорлануымен, екіншіден, техника прогрессінен болатындығын айтады.

- Жасырын жұмыссыздық
- Фрикциондық жұмыссыздық
  - Маусымдық жұмыссыздық
  - Құрылымдық жұмыссыздық
- Технологиялық жұмыссыздық
  - Циклдық жұмыссыздық

## Жасырын жұм-қ

Өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшылардың қолданылуы. Қазіргі болмыста олардың жұмыстарын аз жұмыс күшімен атқаруға болады.

## Фрикциондық Жұм-қ

Адамдар бір жұмыстан басқа жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс ізденумен ауысуын айтамыз

Жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы; бұл кейбір ауыл шаруашылығы өндірісі саласында кездеседі, әсіресе қайта өңдеу өнеркәсібінде т.б.

## Құрылымдық Жұм-қ

Өндірістік қуаттың жетпеуінің нәтижесінде болады: жеке саланың дамуының кері пропорционалды болуынан және ескі саланы жабу мен жаңа саланы дамытудың нәтижесі ретінде қараймыз

## Технологиялық Жұм-қ

Адамдарды машинамен ауыстырудың нәтижесі, біліктілікті өзгертуді немесе басқа мамандықты игеруді талап етеді.

## Циклдық жұм-қ

Өндірістің құлдырауынан туындайды, яғни экономикалық циклдың осы фазасымен байланысты.

# Жұмыссыздық деңгейін есептеу формуласы:

$$\text{ЖД} = \frac{\text{ЖС}}{\text{ЖК}} \cdot 100$$

мұндағы:

ЖД- жұмыссыздық деңгейі;

ЖС- жұмыссыздар саны;

ЖК- жұмыс күшінің саны.

Кез келген жұмыссыздың деңгейімен байланыста болатын экономикалық зиянды анықтау үшін, әлемдік практикада **Оукен заңы** қолданылады. Бұл заң американ экономисі Артур Оукеннің есімімен аталған. Осы заң математикалық тұрғыдан жұмыссыздық деңгейі мен жалпы ұлттық өнім көлемінің төмендеуі арасындағы байланысты көрсетеді.